



Еуразиялық Банк

«Еуразиялық банк» АҚ
Директорлар кеңесі
Бекіткен

көшілік пайдалануы үшін

**КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕСІ
ЕРЕЖЕСІ**



ЕР

Осы Кастодиандық қызметті жүргізу Ережесі (бұдан әрі- Ереже) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі -ҚР ҰБ) Басқармасының 2013 жылғы 26-шілдедегі №184 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүргізу ережелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі -ҚР ҰБ) Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы №210 қаулысымен бекітілген тіркеушінің, орталық депозитарий мен эмитенттің талап етуі бойынша оны номиналдық ұстауда орналасқан бағалы қағаздар, клиентер туралы ақпараттарды беру мен орталық депозитарий есебі жүйесінде (орталық депозитарий есебі жүйесі) және (немесе) номиналдық ұстау есебі жүйесінде бағалы қағаздардың жеке шотынан үзінді көшірме беру, номиналдық ұстау есебі жүйесінде ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған номиналдық ұстауға берілген эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу Ережесіне, Ішкі нормативтік құжаттарды басқару ережесі нұсқаулығына және Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі -БНК) сәйкес әзірленген.

1-БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ереже Қазақстан Республикасының (бұдан әрі-ҚР) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың сақталуы мен басқа қызметтер бойынша міндеттерді өзіне қабылдаумен клиенттердің құжаттамалық қаржылық құралдарын сақтау, олар бойынша құқықтарды растау және қаржылық құралдардың есебін жүргізетін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы ретінде «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі -Банк-кастодиан) қызметін ұйымдастыру мен жүргізу бойынша талаптар мен нормаларды орындау үшін міндеттерді анықтау мақсатында жасалған.

2. Банк-кастодиан кастодиандық қызметті уәкілетті орган берген бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық қызмет пен сейфтік операцияларды жүргізуге лицензияның негізінде жүргізеді.

3. Банк-кастодиан шетелдік клиенттерге кастодиандық қызметтер көрсету жағдайларынан басқасында, өзінің клиентінің үлестес тұлғасы болып табылмауы қажет.

4. Банк-кастодиандағы кастодиндық қызметті осы Ережелерге сәйкес кастодиандық операциялар бөлімшесі (бұдан әрі – ҚОБ) жүргізеді.

5. Кастодиандық операциялар есебі «Еуразиялық банк» АҚ-та кастодиандық операцияларды жүргізудің бухгалтерлік есебі бойынша нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

6. Ережеде ҚР заңнамаларында қарастырылған негізгі түсініктер, сонымен қатар келесі түсініктер, қысқартулар мен шартты белгілер пайдаланылады:

1) **клиенттің активтері** - клиенттің кастодиандық қызмет көрсетуге берген ақшасы, бағалы қағаздары, басқа қаржылық құралдары және басқа мүліктері;

2) **ЗЖКТ/ЛҚ бойынша сауалнама** - Банк-кастодианның өзінің клиенттеріне, клиентінің өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне сәйкестендіру және қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) алып келуі мүмкін тәуекелдердің алдын алу мақсатында тиісті тексеру шеңберінде осы клиентті, клиенттің өкілін тіркеу үшін құжат. Сауалнаманы Lotus Notes-те «Өнімдер-Twin» деректер қорында орналастыру;



- 3) **құжаттамалық бағалы қағаздар** - құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздар (қағаз немесе басқа материалдық тасымалдаушыда арнайы техникалық құралдарды пайдаланусыз бағалы қағаздардың мазмұнын тікелей оқу мүмкіндігімен);
- 4) **кастодиандық шарт** - кастодиандық қызмет көрсету бойынша клиенттерге қызмет көрсету тәртібін анықтайтын кастодиан мен оның клиентінің арасында жасалатын сақтау және тапсыру шарты;
- 5) **инвестициялық шот** - клиенттердің ақшаларының есебі мен сақтау үшін арналған баланстық шот;
- 6) **клиент** - клиент - бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметтерін пайдалану ниеті бар пайдаланушы тұлға;
- 7) **номиналдық ұстаушы есебінің жүйесіндегі жеке шот** - Банк-кастодианның бухгалтерлік есебі жүйесінде клиентке ашылған және бағалы қағаздар есебіне арналған жеке шот (эмиссиялық бағалы қағаздар эмитентінің міндеттемелері бойынша құқықтарды талап ету (бұдан әрі - ЭБК);
- 8) **АҚШ тұлғасы (АҚШ белгілі тұлғасы)** - Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттар заңдарына сәйкес тіркелген заңды тұлға, АҚШ-та тұруға ықтиярхаты бар жеке тұлғаны қоса алғанда, АҚШ азаматы немесе резиденті болып табылатын жеке тұлға, сонымен қатар жарғылық қорда 10 және одан да астам пайыздық үлесті тікелей немесе жанама иеленген АҚШ тұлғасы бар заңды тұлға;
- 9) **9) дербес деректер** - электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалдаушыда тіркелген оларда дербес деректердің субъектісінің негізінде анықталатын немесе анықталатындарға қатысты мәліметтер.
- 10) **Комплаенс бөлімшесі** - Банк-кастодианның ішкі қызметі, айрықша құзіретіне Банк-кастодианның қаржылық нарықта операциялар жүргізу және қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін ҚР заңнамаларының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын Банк-кастодианның қызметіне, оның ішінде «Өз клиентіңді таны» саясаты «Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру туралы» саясатты жүргізу кезінде, сонымен қатар Банк-кастодианның қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкестігіне ішкі бақылау жүргізу кіреді;
- 11) **санкциялық тізімдеме** - ҚР уәкілетті мемлекеттік органы және/немесе шет мемлекеттің құзіретті органы бекіткен лаңкестік пен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен жеке тұлғалардың тізімдемесі;
- 12) **Client's Bank» ҚБҚК жүйесі** - клиентке өзінің шоттарын қашықтықтан басқаруға, оның ішінде Банк-кастодианда шоттар бойынша электрондық құжаттарды жіберуге мүмкіндік беретін қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі;
- 13) **орталық депозитарийдегі қосалқы шот** - бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде Банк-кастодианның жеке шотында клиентке ашылған қосалқы шот;
- 14) **уәкілетті орган** - қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды реттеу, бақылау мен қадағалауды жүргізетін мемлекеттік орган (ҚР ҰБ);
- 15) **орталық депозитарий** - ҚР аумағында депозитарлық қызметті жүргізетін бірегей мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;
- 16) **электрондық құжат** – электрондық-сандық нысанда ұсынылған және электрондық сандық қол қою арқылы куәландырылған ақпарат берілген құжат;
- 17) **электрондық сандық құжат** – электрондық құжаттың нақтылығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын және электрондық сандық қолдардың құралдарымен жасалған электрондық сандық таңбалардың жиынтығы.

2-бөлім ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР



1-тарау. Банк–кастодианның негізгі функциялары мен міндеттері

7. Банк-кастодиан келесі функцияларды орындайды:

- кастодиандық қызмет көрсетуге берілген активтерге қатысты клиентке шот ашу;
- кастодиандық қызмет көрсетуге берілген активтердің есебі және сақтау, сонымен қатар мәміле жасау кезінде олардың болуын қамтамасыз ету;
- ЭСБ номиналдық ұстаушысын жүргізу/ЭСҚ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талаптар құқығы;
- кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ЭСҚ мәмілелері және басқа қаржылық құралдар бойынша төлем агентінің функцияларын орындау;
- клиенттердің бұйрықтарының негізінде ЭСБ эмитенттің міндеттемелері бойынша талаптар құқығы/ЭСБ-мен мәмілелерді тіркеу және ЭСБ деректері бойынша олардың құқықтарын растау/ЭСБ эмитенттің міндеттемелері бойынша талаптар құқығы;
- кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздар/ басқа қаржылық құралдар бойынша табыстар алу және оларды клиенттің шотына есепке қосу;
- эмитенттің, тіркеушінің және орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша клиентке ақпаратты беру;
- клиентке кастодиандық шартта қарастырылған өзге де қызметтерді көрсету;
- құжаттамалық нысанда шығарылған құжаттамалық бағалы қағаздар мен басқа да қаржылық құралдарды сақтау;
- клиенттердің активтерімен, оның ішінде ерікті зейнетақылық жинақ қорына зейнетақылық активтердің мақсатты орналастырылуын/ пайдаланылуын, инвестициялық қорлардың активтерімен және осы Ереженің 5-тарауында бекітілген тәртіпте арнайы қаржылық компанияның активтерімен мәмілелердің ҚР заңнамаларына сәйкестігіне бақылау жүргізу;
- Клиентке, Клиенттің уәкілетті өкіліне «Еуразиялық банк» АҚ-та «Өз клиентінді таны» саясаты заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекеттер саясатын жүргізу Ережесіне сәйкес (бұдан әрі – ЗЖКТ/ЛҚ жөнінде Ереже) тиісті тексеру жүргізу, оның ішінде АҚШ «Шетел шоттарына салық салу туралы» Заңының (FATCA) талаптары бойынша сәйкестендіру және АҚШ тұлғасының белгілерінің болуын анықтау. Егер Клиент АҚШ Тұлғасының белгілерін иеленгенде, жауапты Банк қызметкерлері ЗЖКТ/ЛҚ Ережелерінде қарастырылған әрекеттерді жүргізеді;

8. Банк-кастодианның міндеттері:

- кастодиандық шарт талаптарын, сонымен қатар клиенттің бұйрығының олардың мазмұнына сәйкестігін орындау;
- меншік активтерге қатынасы бойынша кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ЭСБ және басқа қаржылық құжаттардың есебін және ерекше сақталуын қамтамасыз ету;
- уәкілетті органның талаптарына сәйкес клиенттердің шоттары мен есебінің жүргізу технологиясын сақтау;
- оның шоттарының жағдайы туралы есептілікті клиенттің оларды бірінші талап етуі бойынша немесе тұрақты беру, кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздар және басқа қаржылық құралдардың ұстаушыларына, - олардың бірінші талап етуі бойынша беру;
- банктік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын құпияны, оның ішінде Банк-кастодиан есебі жүйесінде ашылған шоттарды орналасқан клиенттердің активтері туралы ақпараттарды, сонымен қатар ҚР заңнамалық актілерінде және ҚР ратификацияланған халықаралық шарттарында қарастырылған жағдайлардан басқаларында клиенттер мен үшінші тұлғалардың дербес деректеріндегі құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді жарияламау/ашып көрсетпеу;
- уәкілетті орган сұраған ақпаратты беру;



- ҚР заңнамаларына сәйкес уәкілетті органға бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық қызметтің нәтижелері туралы есептер беру.

9. Банк-кастодиан клиенттердің бірінші талап етуі бойынша олардың танысуы үшін келесілерді береді:

- кастодиандық қызметті жүргізу мәселелерін реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелері;
- осы Ереженің көшірмелері;
- Банк-кастодианның қаржылық есептілігі;
- Банк-кастодианның пруденциалық нормативтерді сақтауы туралы мәліметтер;
- Банк-кастодианға қолданылатын әрекет ету мен санкциялардың шектелген шаралары туралы мәліметтер.

10. Банк-кастодиан ол клиенттердің тапсырмаларын орындау кезінде пайдаланатын қызметтерге ақы төлеу бойынша шығындарды өзінің атынан жүргізеді, кейіннен олардың орнын клиент толтырады.

11. Банк-кастодиан кастодиандық шарттың талаптарына сәйкес өзінің қызметтері үшін шот-фактура шығарады.

12. Банк-кастодиан міндетті тәртіпте ҚР заңнамаларының талаптарына сәйкес келесі журналдарды жүргізеді:

– жеке шоттары бойынша операцияларды тіркеуге және оларды орындауға/орындамауға клиенттерден қабылданған бұйрықтары;

– жеке шоттары бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қоюға сенімхаттар;

– жеке шоттары бойынша операциялар;

– ақпараттық операциялар және оларды орындауға/орындамауға клиенттерден қабылданған бұйрықтар;

– арнайы қаржылық компаниялар мен инвестициялық портфельді басқарушының арасында жасалған шарттардың және/немесе инвестициялық декларациялар және/немесе осы ерікті жинақтық зейнетақы қорларының, инвестициялық қордың және/немесе акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациялары және/немесе пайлық инвестициялық қордың ережелеріне және арнайы қаржылық компаниялардың ерікті жинақтық зейнетақы қорларының, инвестициялық қордың және арнайы қаржылық компаниялардың жеке шоттары бойынша ҚР заңнамаларына сәйкессіздігінің себебі бойынша Банк-кастодиан орындамаған/өзгерткен операциялар;

– арнайы қаржылық компаниялар мен инвестициялық портфельді басқарушының арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шарттарының және/немесе инвестициялық декларациялар және/немесе осы ерікті жинақтық зейнетақы қорларының, инвестициялық қордың және/немесе акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациялары және/немесе пайлық инвестициялық қордың ережелеріне және арнайы қаржылық компаниялардың ерікті жинақтық зейнетақы қорларының, инвестициялық қордың және арнайы қаржылық компаниялардың жеке шоттары бойынша ҚР заңнамаларына сәйкессіздігіне бұйрықтардың/тапсырмалардың Банк-кастодианға берілгені туралы уәкілетті органға жіберілген хабарламалар;

– инвестициялық қорлар активтерінің құрамына кіретін инвестициялық портфельді басқарушы жасаған ақша мен қаржылық құралдардың жанында мүліктермен мәміле/операциялар, сондай-ақ инвестициялық қорлардың, ақша мен қаржы құралдарының жанында олардың ҚР заңнамаларына және/немесе акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына сәйкессіздігі себебі бойынша Банк-кастодиан орындаған/өзгерткен мүліктермен мәмілелер/ операциялар.

2-тарау. Кастодиандық шартқа қойылатын негізгі талаптар



13. Банк-кастодиан кастодиандық шарт жасаған кезде өзінің клиентін кастодиандық қызмет көрсету бойынша өзінің ІНҚ таныстыруға міндетті.

14. Ереженің 15-тармағында қарастырылған кастодиандық шарттардан басқа, кастодиандық шартта келесі ережелер баяндалуы қажет:

- шарттың мәні;
- кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтерді клиентке көрсету талаптары;
- Банк-кастодиан мен оның клиентінің құқықтары мен міндеттері;
- Банк-кастодианның бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны сақтау бойынша міндеттері, сонымен қатар ҚР заңнамаларына өзінің клиенттерінің активтерімен мәміленің сәйкестігіне бақылау жүргізу үшін Банк-кастодианға қажетті құжаттарды, клиенттің шотына өкім жасауға клиенттен немесе уәкілетті ұйымнан Банк-кастодианның құқықтық және зейнетақылық жинақтаудың құпиясын алуы;
- Банк - кастодианның клиенттің алдындағы есептілігінің нысаны мен кезеңділігі;
- Банк-кастодианның қызметтеріне ақы төлеу тәртібі;
- кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздар және басқа қаржылық құралдар бойынша Банк-кастодианның табыстар алу талаптары және тәртібі және оларды клиенттің шотына есепке қосу;
- кастодиандық қызмет жүргізуге Банк-кастодианның уәкілетті органы берген лицензияның әрекеті тоқтаған кезде және (немесе) тараптардың бірінің бастамасы бойынша кастодиандық шартты бұзу тәртібі мен талаптары;
- жаңа Банк-кастодианға клиенттің активтерін беру/қайтару тәртібі;
- салыстырып тексеруді жүргізу тәртібі және кезеңділігі;
- форс-мажора жағдайлары;
- тараптардың жауапкершілігі;
- клиенттің кастодиандық қызметті реттейтін Банк-кастодиан ІНҚ-пен танысқаны туралы белгі;
- тараптардың деректемелері мен қолдары;
- сақталған резервтік көшірменің нақты болуын және мазмұнын тексеруге уәкілетті органның талаптары;
- ҚР заңнамаларына қарсы келмейтін тараптардың қарастыруы бойынша басқа ережелер.

14-1. Кастодиандық қызметтерге тарифтер кастодиандық шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады. Кастодиандық қызметтерге базалық/жеке тарифтерді бекітуді, өзгертуді, алып тастауды Банк - кастодианның уәкілетті органы жүргізеді.

15. ҚР заңнамаларында келесілердің арасында жасалатын кастодиандық шарттардың үлгі түріндегі нысандары қарастырылған:

- Банк-кастодиан мен ерікті жинақтық зейнетақылық қордың арасында;
- Банк-кастодианның, арнайы қаржылық компанияның және арнайы қаржылық компанияның инвестициялық қаржылық портфелін басқарушының;
- Банк-кастодиан мен бөлінген активтер бойынша инвестицияланатын уақытша еркін түсілімдерді өздігінен жүргізетін арнайы қаржылық компанияның.

16. Кастодиандық шарт жасағанға дейін Банк-кастодиан клиенттің үлестілігіне, сонымен қатар оның Банк-кастодианмен ерекше қатынастағы байланысына және ЗЖКТ/ЛҚ бойынша Сауалнаманы клиенттің толтыруының қажеттігін қоса алғанда, осы Ережеде анықталған өзге де мәселелер/құжаттар бойынша байланысына тексеру жүргізеді. Тексеру, оның ішінде осы Ереженің 31-тармағының талаптарының есебімен тексеру Банк-кастодианның ішкі рәсімдеріне және/немесе ҚР заңнамаларында анықталған тиісті регламентке сәйкес жүргізіледі.

Клиенттің Банкпен ерекше қатынастағы байланысын тексеру және Клиентті, оның өкілін (-дерін), ақырғы бенефициарлық меншік иесін (заңды тұлғалар үшін) тиісті тексеру және



мәліметтерді тіркеу, сонымен бірге Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру мақсатындағы ішкі бақылау Ережесі және «Өз клиентіңді таны» саясатының талаптарына сәйкес лаңкестік қызметке/лаңкестікті қаржыландыру немесе табыстарды жылыстатуға қатысты тұлғалардың тізімімен сәйкес келген кезде сәйкестік мәніне тексеру барлық жеке және заңды тұлғалар бойынша – Oracle BPM жүйесінде «ГЖ/ЛҚ және ЖТТЗ-ға» өтінім енгізу жолымен жүргізіледі.

17. Кастодиандық шарт жасау (оған қосымша келісім) жасау және Банк-кастадианмен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғалармен басқа да мәмілелер жасау ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының, ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 73-бабының және Банктің ІНҚ талаптарының есебімен жүргізіледі. Банк-кастадианмен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғамен мәміле тек Банк-кастадианның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана оның барлық талаптары қарастырылған кезде жүргізілуі мүмкін. Банк-кастадиан мәмілеге енген кезде олармен ерекше қатынастағы байланыста емес тұлғалармен Банк-кастадиан оның табиғаты, мақсаттары, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша мәмілелер бойынша жеңілдікті талаптар беруге, сонымен қатар басқа тұлғалардан талап етілетіндерден төменірек қамтамасыз етуді қабылдауға немесе жүргізілетін(банктік) операциялар үшін сыйақылар мен төлемдерді төменірек жүргізуге құқылы емес.

Егер ірі мәміле немесе бір уақытта келесі талаптарға жауап беретін мәміле жасалған жағдайда: Банк жасағанда мүліктерді сатып алуымен немесе мүлікті иелігінен айырумен байланысты және мүдделілігі бар мәміле болып табылады, оның құны Банктің осындай мәміле жасау туралы шешімді Банктің уәкілетті органы қабылдаған күнге Банктің активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп мөлшерді құрайды, онда КББ мәміле жасаған күннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде жасалатын мәміле бойынша қажетті ақпаратты (оның ішінде шарттардың/қосымша келісімдердің сканирленген көшірмелерін, Банктің Директорлар кеңесінің шешімін) Банктік қызметке және корпоративтік мәселелерге құқықтық ілеспелі қызмет көрсету басқармасына, сонымен бірге Комплаенс және ішкі бақылау қызметіне (мәліметтендіру үшін), Интернет-ресурстарда қаржылық есептіліктің депозитарийін және қор биржасына Банктің Директорлар кеңесінің шешімі туралы ақпаратты орналастыру үшін беру Регламентіне сәйкес корпоративтік оқиғалар, бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүддесін қозғайтын қызметтер туралы акционерлар мен инвесторлардың мәліметіне жеткізу үшін, сондай-ақ бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүддесін қозғайтын оқиғалар туралы басқа ақпараттарды, есептерді, хабарларды орналастыру үшін береді.

18. Кастодиандық шартты Банк-кастадиан келесі жағдайларда біржақты тәртіпте бұзуы мүмкін:

- клиент Банк-кастадиан талаптарын орындау мақсатында ҚР «Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру туралы» Заң (бұдан әрі – ЗЖКТ/ЛҚ), ҚР үкіметаралық келісімдер және/немесе Банк-кастадианның қаржылық ұйым мен қаржылық нарық субъектісі ретінде қосымша міндеттерді орындау мақсатында клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермеген кезде;

- егер клиенттің ақшамен және/немесе басқа мүлікпен операциялары Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру әрекеттері туралы Қазақстан Республикасының ЗЖКТ/ЛҚ заңнамаларына сәйкес деп тануға негіз болғанда.

3- тарау. Шоттардың түрлері және оларды ашу тәртібі

19. Банк-кастадиан әрбір клиентке келесілерді ашады:

1) ағымдағы банктік инвестициялық шот ашуға өтініштің негізінде теңгеде және шетел валютасында инвестициялық шоттар (Ережеге №1 қосымша/№2 қосымша);



2) жеке шот/қосалқы шот ашуға бұйрықтың негізінде атаулы ұстаушының есебі жүйесіне жеке шот (Ережеге №3 қосымшаға сәйкес);

3) кастодиандық қызмет көрсетуге қабылданған активтердің баланстан тыс шоттары (бұдан әрі қарай – есеп және активтерді сақтау шоты).

20. Атаулы ұстаушы есебі және есеп және активтерді сақтау шоттары жүйесінде инвестициялық шоттар, жеке шот ашу үшін келесілерді орындауы қажет:

– заңды тұлға (өзінің клиентінің мүддесіне әрекет ететін инвестициялық портфельді басқарушы) Ережеге №20 қосымшада көрсетілген құжаттарды береді. Номиналдық ұстаушы есебі жүйесінде заңды тұлғаға екі және одан да аса жеке шоттар ашылуы мүмкін, бұл ретте Ереженің №20 қосымшасында көрсетілген құжаттар, жеке шот ашуға бұйрықтан басқасы, бірінші жеке шот ашқан кезде беріледі;

– жеке тұлға (өзінің клиентінің мүддесіне әрекет ететін инвестициялық портфельді басқарушы) Ережеге №21 қосымшада көрсетілген құжаттарды береді;-

- инвестициялық портфельді басқарушы/ бірінші санаттағы брокер Ережеге №20 қосымшада көрсетілген құжаттарды береді.

21. Инвестициялық портфельді басқарушы пайлық инвестициялық қорға шот ашқан кезде Ережеге №22 қосымшада көрсетілген құжаттарды береді.

22. Ереженің 20, 21-тармақтарында құжаттарды қайталап беру, жеке шот ашуға бұйрықтан, ағымдағы инвестициялық шот ашуға өтініштен, қойылған қолдардың үлгісі бар карточкалардан басқалары Банка-кастодиан ішкі есебі жүйесінде бірден аса шот ашқан кезде талап етілмейді.

23. Банка-кастодиан ішкі есебі жүйесінде оның клиенттерінің активтері баланстық және баланстан тыс шоттарда есепке алынады.

Банк-кастодиан әрбір клиентке оның активтерінің есебіне арналған жеке шот ашады және ішкі есеп жүйесінде ашылған клиенттің шотының шеңберінде қосалқы шоттар ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Банка-кастодиан ішкі есебі жүйесінде кастодиандық қызмет көрсетуге берілген шетелдік бағалы қағаздардың есебі үшін бірінші санатты брокер әрбір клиентке осы ұйымда ашылған жеке шоттың шеңберінде осы клиентке тиесілі шетелдік бағалы қағаздардың есебі үшін жеке баланстан тыс шот ашады.

Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ақшаның, бағалы қағаздардың және басқа активтердің есебі үшін Банк-кастодиан инвестициялық портфельді басқарушының әрбір клиентіне ақша есебі үшін инвестициялық шот және бағалы қағаздар мен басқа қаржылық құралдар есебі (ақшадан басқасы) үшін, сонымен қатар инвестициялық портфельді басқарушының басқа активтерін көрсетумен баланстан тыс шот ашады.

Арнайы қаржылық компанияның бөлінген активтердің есебі үшін Банк-кастодиан арнайы қаржылық компанияға бағалы қағаздар және басқа қаржылық құралдар (ақшадан басқа) үшін және ақшаның есебі үшін жеке және баланстан тыс шот ашады.

Жарияланған бағалы қағаздардың эмитенті есебі үшін Банк-кастодиан эмитентке Ереженің №2 қосымшасына сәйкес андеррайтингтік келісім мен құжаттардың негізінде эмитентке жеке шот ашады.

Сатып алынған бағалы қағаздардың эмитенті есебі үшін Банк-кастодиан эмитентке Ереженің №2 қосымшасына сәйкес эмитентке жеке шот ашады.

24. Бірінші санаттағы брокердің клиенттеріне қосалқы шот ашу үшін Ереженің №2 қосымшасына/21 қосымшасына сәйкес құжаттар беріледі.

25. Клиенттің инвестициялық шоттары Банк-кастодианның жалпы талаптарына және осы шоттарды жүргізуге ҚР заңнамаларына сәйкес тәртіпте жүргізіледі.

26. Активтердің сақтау және есебі шоты осы активтер атауланған активтер мен валюталардың түрлері бойынша жүргізіледі.



27. Номиналдық (атаулы) ұстаушының жеке шотына жеке нөмір беріледі. Жеке шот келесі мәліметтерді (туралы) баяндайды:

– тіркелген тұлғалар (тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, клиенттің резиденттік белгілері, азаматтығы/тіркелген елі туралы мәліметтер, экономика секторы (2016 жылғы 31-тамыздағы № 203 ҚР ҰБ Басқармасының қаулысында бекітілгендерге сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер беру және төлемдерді тағайындау және экономика секторларының кодтарын қолдану Ережелеріне сәйкес, заңды тұлғаның тіркелуін растайтын құжат туралы мәлімет немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі-БСН) (бар болғанда), пошта және заңды мекенжайы, банктік деректемелері (қажет болғанда бағалы қағаздармен мәміле бойынша есеп айырысу жүргізуге арналған банктік деректемелері және банктік қағаздар бойынша өтеуге сомалар мен сыйақыларды есептеуге арналған банктік деректемелері), салық жеңілдіктері туралы мәліметтер);

– осы жеке шотта тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрлері және сәйкестендіру нөмірі;

– ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талаптар құқықтарын саны мен сәйкестендірушісі;

– ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың саны/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша құқықтар;

– пайдасына бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған тұлғалар/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары;

– оқшауландырылған бағалы қағаздардың саны/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары;

– «Репо» операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны;

– атаулы ұстау есебі жүйесінде бейнеленген осы жеке шот пен операциялар бойынша тіркелген мәмілелер мыналар:

✓ мәміленін/операциялардың түрлері;

✓ оның тіркелген күні мен уақыты;

✓ мәмілелерді/операцияларды жүргізу негіздері;

✓ операцияға қатысушылардың жеке шоттарының нөмірлері;

✓ бағалы қағаздардың саны, түрлері, сәйкестендіру нөмірі/ мәміле тіркелгендерге қатынасында ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша құқықтарды сәйкестендіру;

✓ мәмілелер/операцияларды тіркеу үшін қажетті басқа да мәліметтер.

28. Жеке шотта келесі бөлімдер ашылады:

– «негізгі» – операция жүргізуге шектеу бекітілмеген бағалы қағаздардың есебіне/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша құқықтарға арналған;

– «оқшаулау» – ЭҚБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/бағалы қағаздарды сақтауды кепілдендіру мақсатымен жүргізілетін ЭҚБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/ бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салған осындай шешім қабылдауға ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті, мемлекеттік органның шешімі негізіндегілерге ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/бағалы қағаздардың есебіне арналған;

– «Репо» - «автоматты Репо» секторында жасалған «Репо», операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың есебіне арналған;

– «ауыртпалық» – азаматтық-құқықтық мәміле негізінде туындаған басқа тұлғалардың алдында ЭҚБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/ бағалы қағаздарды ұстаушының міндеттерін қамтамасыз ету үшін мәміле жүргізуге шектеу салынғандарға, ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/ бағалы қағаздардың есебіне арналған;



– «корпоративтік әрекет» - корпоративтік әрекеттерге қатысу кезеңінде және мақсатында уақытша шектеу салынған құжаттарға халықаралық Банк-кастодианнан алынғандарға (шетелдік атаулы ұстаушы) сәйкес ЭСК бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары/ бағалы қағаздардың есебіне арналған.

29. Банк-кастодиан кастодиандық шарт жасалғаннан кейін үш күнтізбелік күннің ішінде Банка-кастодиан ішкі есебінің жүйесінде жеке шот және жеке шот/қосалқы шот ашу үшін қажетті клиенттің барлық деректемелерін ашып көрсетумен бағалы қағаздардың орталық депозитарийлары есебінің жүйесінде қосалқы шот ашады.

30. Заңды тұлғаларға, бейрезидентті қоса алғанда, оның құрылымдық бөлімшелерін, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, шетелдікке және азаматтығы жоқ тұлғаларға инвестициялық қор активтері мен арнайы қаржылық компанияның облигацияларын шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын ерікті жинақтық зейнетақылық қорлардың зейнетақылық активтерін сақтауға арналған инвестициялық шоттардан басқа, Банк-кастодиан сәйкестендіру нөмірін көрсетумен олар ашылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабарламалардың кепілдендірілген жеткізілуін қамтамасыз ететін ақпараттық-байланыстық желі бойынша көрсетілген шоттардың ашылуы туралы уәкілетті органды хабарландыруға міндетті. Банк-кастодиан ҚР банктік заңнамаларының барлық басқа талаптарын, оның ішінде төлемдер мен ақша аударымы туралы ҚР заңнамаларында, Банк-кастодиан ІНҚ бекітілген тәртіпте арнайы қаржылық компаниялардың облигациялар шығаруы мен инвестициялық қорлардың активтерінің шығарылымының қамтамасыз етуі болып табылатын ерікті жинақтық зейнетақылық қорлардың активтерін сақтау үшін барлық басқа талаптарды орындауға міндетті.

31. Банк-кастодиан ҚР ЗЖКТ/ЛҚ туралы Заңының және Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттардың талаптарын орындау мақсатында клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпараттарды немесе құжаттарды сұрауға құқылы, сонымен бірге ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында инвестициялық шоттар, жеке шоттар, есеп және сақтау шоттарын ашқан кезде дербес деректерді жинауға және өңдеуге, сонымен қатар ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес барлық мүдделі тұлғаларға осы ақпараттарды беру туралы клиенттің (клиенттің заңды өкілінің) келісімін алуға құқылы.

31-1. Клиент-жеке тұлғаға жеке шот (қосалқы шот) ашқан кезде Банк-кастодиан клиент (инвестициялық портфель басқарушысы/бірінші санатты брокер) берген мәліметтердің негізінде клиенттің салықтық резиденттігін бекітеді.

4-тарау Клиенттердің активтерінің сақталуы мен есебін қамтамасыз ету

33. Банк-кастодиан ҚР заңнамаларына және Банк-кастодиан ІНҚ-қа сәйкес клиенттердің жеке дербес деректерін баяндайтын коммерциялық ақпарат пен ақпараттардың құпиялылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

34. Банк-кастодианның клиенттердің активтерінің сақталуы мен есебі үшін жауапкершілігі Банк-кастодиан кастодиандық қызмет көрсетуге оларды нақты алған және Банк-кастодианның есебі жүйесінде ашылған клиенттің шотына есепке қосылған сәттен бастап туындайды.

35. Банк-кастодиан сақтауға оған сеніп тапсырылған клиенттердің активтерін қандай да бір түрде, өзінің үлестес тұлғаларының мүдделеріне, оның ішінде өзінің үлестес тұлғаларының міндеттемелері және өзінің міндеттемелері бойынша олардың жауап беруіне пайдалануға, кепілге беруге не көрсетілген активтерге қатысты ҚР заңнамаларында қарастырылмаған басқа әрекеттерді жасауға құқылы емес.



36. Банк-кастодианда клиенттің шотында орналасқан активтерді ҚР заңнамаларында қарастырылған жағдайлардан басқасында тыйым салынуы немесе қандай да бір түрде үшінші тұлғалардың алып алуы мүмкін емес.

Банк-кастодиан оған кастодиандық қызмет көрсетуге берілген клиенттердің активтерінің өзекті есебін қамтамасыз ету мақсатында айына бір реттен сиретпей өзінің ақша жүйесінің есебі деректеріне, қаржылық құралдарға және клиенттердің басқа активтеріне олардың бірінші дәрежелі брокердің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржылық компанияның, ерікті жинақтық зейнетақы қорының, орталық депозитарийдің деректеріне, сондай-ақ шетелдік атаулы ұстаушының деректерімен олардың сәйкестігіне салыстырып тексеру жүргізеді.

38. Банк-кастодианның есеп жүйесінің деректерін орталық депозитарий деректерімен салыстырып тексеру орталық депозитарий ережесінің мәліметтеріне сәйкес жүргізіледі.

39. Ерікті жинақтық зейнетақы қорының зейнетақылық активтерін, сондай-ақ кастодиандық қызмет көрсетуге берілген арнайы қаржылық компанияның бөлінген активтерін салыстырып тексеру ерекшеліктерін кастодиандық шартта бекітеді.

Банк-кастодиан есебі жүйесінің деректерін бірінші дәрежелі брокердің және инвестициялық портфельді басқарушының деректерімен салыстырып тексеру келесі мәліметтер баяндалатын акті-салыстырып тексеру жасау жолымен жүргізіледі:

- салыстырып тексеру жүргізілетін кезеңге салыстырып тексеру актісін жасау күні;
- Банк-кастодиан есебі жүйесінде ашылған шоттарда/қосалқы шоттарда активтерді салыстырып тексеру актісін жасау күніне активтердің қалдықтары туралы ақпарат;
- Банк-кастодиан есебі жүйесінде ашылған шоттар/қосалқы шоттар бойынша активтерге салыстырып тексеру жүргізілген кезеңге қозғалыс, оның ішінде шетелдік атаулы ұстаушыға салыстырып тексеру күніне орналасқан активтер туралы ақпарат;
- салыстырып тексеру жасаған күнге инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін ақша мен қаржылық құралдардан басқа активтердің қалдығы туралы және тексеру жүргізілген кезеңге қозғалыста осы активтермен жасалған мәмілелер/операциялар туралы ақпарат.

Салыстырып тексеру актісі екі данада жасалады, тараптардың өкілдері қол қояды және олардың мөрлерімен бекітіледі.

41. Банк-кастодиан есебі жүйесін деректерін шетелдік атаулы ұстаушының деректерімен салыстырып тексеру ақпарат берудің халықаралық банкіаралық жүйесі арқылы және SWIFT - хабарламалармен айырбастау арқылы төлемдер жасау жолымен не шетелдік атаулы ұстаушымен шартта қарастырылған басқа байланыс құралдары арқылы жүргізіледі және Банк-кастодианның ішкі есебі жүйесінің деректерімен шетелдік атаулы ұстаушының шоттарында орналасқан Банк-кастодианның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдарды салыстырып тексеру жүргізу күніне қалдықтарды салыстырып тексерумен жасалады.

Салыстырып тексеру жүргізілген негіздегі құжаттар, оның ішінде SWIFT - хабарламалар салыстырып тексеру жүргізілген күннен бастап бес жылдың ішінде сақталуы қажет.

42. Егер Ереженің 37-тармағына сәйкес жүргізілетін салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айырмашылықтар болған жағдайда, салыстырып тексеру жүргізушілер оларды жою бойынша шараларды қабылдайды. Бұл ретте, Банк-кастодиан уәкілетті органға сәйкестік айқындалған күннен бастап келесі бір жұмыс күнінің ішінде салыстырып тексерудің нәтижелерінің сәйкессіздігі туралы хабарлайды.

5-тарау Клиенттердің активтерімен мәмілелерді орындауы үшін бақылау жүргізу тәртібі

43. Клиент Банк-кастодианға Банк-кастодианның ұйымдастырылған нарықта мәмілелерді растау жүйесіне қатысуға мүмкіндікті қамтамасыз ете отырып мәмілелерді жүргізуге және мәмілелердің орындалуына бақылау жүргізуге бұйрықтар береді. Бұйрықтар одан әрі қарай



түпнұсқасын қолына/пошта бойынша не «Client's Bank» заңды тұлғаларға қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі бойынша клиентті серпінді сәйкестендіру арқылы электрондық-сандық қолымен куәландырылған электрондық құжат түрінде не электрондық-сандық нысан түрінде берумен, егер кастодиандық қызмет көрсету шартында басқадай қарастырылмаған болса, факспен жібереді.

43-1. Кастодиандық шарттың талаптарында қарастырылған жағдайда ұйымдастырылған нарықта жасалған мәмілелерді тіркеуге Клиентке бұйрықтар беру талап етілмейді;

44. Клиенттің активтерін салымға екінші деңгейлі банктерде және/немесе ҚР ҰБ орналастырған жағдайда, клиент Банк-кастодианға қол қойылған банктік салым шартының көшірмесін және мәмілеге ақы төлеуге төлем тапсырмасын жібереді.

45. Клиент Банк-кастодианға ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге брокерлік қызмет көрсетуге жасалған брокерлік шарттың деректемелерін хабарлауға және егер брокерлік компания бір уақытта клиенттің инвестициялық портфелін басқарушы болып табылғанда, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүргізуге шарттың/лицензияның көшірмесін беруге міндетті.

46. Мәміленің орындалуын бақылау оның жүргізілуі кезеңінде келесідей жүргізіледі:

– клиенттің инвестициялық активтерін сатып алған кезде - ҚР заңнамасына сәйкессіздігі үшін, оның ішінде ерікті зейнетақылық жинақ қорына зейнетақылық активтердің және инвестициялық қорлардың активтерінің мақсатты орналастырылуы/ пайдаланылуы, сонымен қатар клиенттің инвестициялық шотында ақшаның болуы;

– қаржылық құралдарды сатқан кезде – кастодиандық қызмет көрсетуге қабылданған активтердің шотында олардың жеткілікті санда болуы.

47. Клиенттердің активтерін мақсатты орналастыру/ пайдалану үшін (ерікті зейнетақылық жинақ қорына, инвестициялық қорлар және арнайы қаржылық компания) бақылауды Банк-кастодиан ерікті зейнетақылық жинақ қоры, инвестициялық қорлардың басқарушы инвестициялық портфеліне, арнайы қаржылық компанияның басқарушы инвестициялық портфеліне немесе арнайы қаржылық компанияның келесілерде бекітілген талаптар сәйкестігіне берілген Банк-кастодиан есебі жүйесінде ашылған шоттар бойынша операциялар жүргізуге құжаттарды және бұйрықтар/ тапсырмаларды тексеру жолымен жүргізіледі:

– ҚР заңнамалары;

– инвестициялық декларацияда (ерікті зейнетақылық жинақ қорына зейнетақылық активтерге және акционерлік инвестициялық қорлардың активтеріне қатысты);

– зейнетақылық ережелерде;

– пайлық инвестициялық қорлардың ережелерінде;

– арнайы қаржылық компания мен басқарушы инвестициялық портфельдің арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартында;

– Банк-кастодиан клиенттерінің активтеріне қатысты инвестициялық қызметті шектеуге бағытталған уәкілетті орган қолданған ертерек әсер ету шараларын немесе әсер ету шараларын шектеу.

47-1. Бағалы қағаздардың үлестес эмитенттерін тексеруді Банк-кастодиан эмитентке бағалы қағаздарды инвестициялау лимиттерін сақтауға бақылау жүргізген кезде, сонымен бірге оның үлестес тұлғалары инвестициялық қордың инвестициялық портфеліне бағалы қағаздарды сатып алған кезде Банком-кастодиан қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет-ресурсында жүргізеді.

48. Егер бір тараптың мәмілелеріне оны жасау үшін уәкілетті органның рұқсаты/келісімі талап етілген жағдайда, Банк-кастодиан осындай келісімнің болуын растайтын құжатты сұрайды.

49. Бұйрықтардың/тапсырмалардың Ереженің 47-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкессіздігі айқындалған жағдайда, Банк-кастодиан осы бұйрықты/тапсырманы оқшауландырады/орындамайды және осы бұйрықты/ тапсырманы оқшауландырған күннен



бастап келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органға, өзінің клиентіне және бұйрықты/тапсырманы берген тұлғаға хабарлайды.

49-1. Ерікті жинақтаушы зейнетақылық қордың, инвестициялық қордың, арнайы қаржылық компаниялардың активтерінің құрылымының (құрамының) сәйкессіздігі айқындалған кезде, ҚР заңнамаларының талаптарына Банк-кастодиан осындай сәйкессіздік айқындалған күннен келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органға, клиентке, клиенттің инвестициялық портфелінің басқарушысына хабарлама жібереді.

50. Мәмілелердің ҚР заңнамаларына сәйкестігіне бақылау жүргізу кезінде Банк-кастодиан ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алады.

50-1. ҚР заңнамаларының халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында мәмілелердің сәйкестігіне бақылау жүргізген кезде, Банк-кастодиан клиенттен Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінен мәміленің мәні болып табылатын бағалы қағаздар бойынша растаушы ақпаратты сұрауға құқылы.

51. Клиенттердің барлық мәмілелері бойынша Банк-кастодиан келесі параметрлерді бақылайды:

- орталық депозитарийдегі қосалқы шоттардың нөмірі;
- қаржылық құралдың атауы;
- ұлттық сәйкестендіру нөмірі;
- қаржылық құралдың саны;
- ұлттық және шетел валютасында бейнеленген мәмілелердің көлемі.

6-тарау Клиенттердің қаржылық құралдарымен мәмілелерді тіркеу және операцияларды орындау тәртібі

52. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша құқықтар атаулы ұстаушы есебінің жүйесінде тиісті операцияларды жасау жолымен жүргізіледі.

53. Есептен шығару / шоттардан бағалы қағаздарды есепке қосу/бағалы қағаздарды ұстаушылардың шотына операциялар:

– ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелерді тіркеу кезінде Банк-кастодиан клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №5 қосымша/№6 қосымша) орталық депозитарийға мәмілелерді жасауға бұйрықты жібереді және оны орындағаннан кейін атаулы ұстаушының есебі жүйесінде бір уақытта оны активтерді сақтау және есебі шотында бейнелеумен тіркеу жүргізеді. Мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысулар клиент ресімдеген төлем тапсырмасының негізінде жүргізіледі;

– Банк-кастодиан ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелерді растағаннан кейін мәмілеге ақшалай ақы төлейді. Есеп айырысулар клиент ресімдеген төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі. Бағалы қағаздарға ақы төлеуге ақшаны клиент берген сенімхаттың негізінде Банк-кастодиан клиенттің инвестициялық шотынан есептен шығаруы мүмкін (Ережеге №4 қосымша). Есеп айырысулардың аяқталуы бойынша не клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №5 қосымша) не Ереженің 43-1 тармағына сәйкес сауда-саттық ұйымдастырушылардан алынған мәліметтердің негізінде бағалы қағаздар бухгалтерлік есеп және активтерді сақтау шотына және атаулы ұстаушының есебі жүйесінде жеке шотқа есепке қосылады;

– ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелер кезінде Банк-кастодиан клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №6 қосымша) не Ереженің 43-1 тармағына сәйкес сауда-саттық ұйымдастырушылардан алынған мәліметтердің негізінде қаржылық құралдарды есеп және активтерді сақтау шотынан есептен шығарады, сондай-ақ атаулы ұстаушының есебі жүйесінде жеке шоттан және Банк-кастодианның корреспонденттік шотына ақша түскеннен кейін клиенттің инвестициялық шотына аударады.



– клиенттің атаулы ұстаушысы ауысқан жағдайда, Банк-кастодиан клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №7 қосымша/№8 қосымша) орталық депозитарийға бұйрықты жібереді және оны орындағаннан кейін атаулы ұстаушының есебі жүйесінде/не қаржылық құралдарды есепке қосуды/есептен шығаруды бір уақытта оны активтерді сақтау және есебі шотында бейнелеумен жүргізеді.

54. Халықаралық нарықта қаржылық құралдарды есептен шығару/ есепке қосу жүргізген кезде Банк-кастодиан клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №5/ № 6/ № 7/№ 8 қосымшалар) халықаралық банк-кастодианға (шетелдік атаулы ұстаушыға) мәміле жүргізу туралы өкім береді және халықаралық банк-кастодиан берген (шетелдік атаулы ұстаушы) мәмілені тіркеу туралы деректердің негізінде мәміле бойынша есеп айырысу жүргізеді.

55. Атаулы ұстаушының есебі жүйесінде Банк-кастодиан операциялардың келесі түрлерін жүргізеді:

– бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтердің/ ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарының өзгеруі бойынша операция осындай өзгерістерді баяндайтын құжаттар мен клиенттің бұйрығының (Ережеге №3 қосымша) негізінде жүргізіледі. Пайлық инвестициялық қорлар туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, операция өзгерісті растаушы құжаттардың және қордың басқарушы компаниясының бұйрығының негізінде жүргізіледі;

– бағалы қағаздардың ауыртпалығы/ ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары бағалы қағаздары/ ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарына ауыртпалық салынған клиенттің және ауыртпалық жүргізілуі пайдасына тіркелген тұлғаның қарсы бұйрықтарының негізінде жүргізіледі (Ережеге №10 және №11 қосымшалар). Бұл ретте бағалы қағаздардың ұстаушының/ ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарының жеке шотында пайдасына тұлға туралы жазу жазылады, ал бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары «негізгі» бөлімнен клиенттің жеке шотының «ауыртпалық» бөліміне аударылады. Пайдасына ауыртпалық жүргізілген тіркелген тұлғаға жеке шот ашылады және оған ауыртпалық салынған бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарының түрлері, саны, олардың ұлттық сәйкестендіру нөмірі/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талаптарының құқықтарының сәйкестендірушісі, сонымен бірге бағалы қағаздар/ ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарына ауыртпалық салынған ұстаушы туралы жазу жазылады;

– бағалы қағаздар/ ЭСБ эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарына ауыртпалықты алып тастау мәмілеге қатысушы тұлғалардан ауыртпалықты алып тастау туралы қарсы бұйрықтардың (Ережеге №12 және №13 қосымшалар) негізінде жүргізіледі. Бұл ретте, бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары «ауыртпалық» бөлімінен «негізгі» бөлімге аударылады. Тіркелген тұлғаның жеке шотындағы бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарының ауыртпалықтары туралы жазу жойылады;

– бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын оқшауландыру және оқшаулаудан алып тастау, ҚР заңнамаларына, сонымен қатар ҚР ЗЖКТ/ЛҚ туралы Заңында қарастырылған оқшаулау және оқшаулаудан алып тастау бойынша операциялардан басқасы, клиенттің бұйрығы немесе Атқарушылық өндіріс туралы заңның 65-бабының 6-1 тармағының талаптарының есебімен ҚР заңнамаларына сәйкес осындай құқықтарды иеленген тиісті мемлекеттік органдардың құжаттарының негізінде жүргізіледі. Клиенттің жеке шоты бойынша осы операциялар жүргізген кезде ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары «оқшауландыру» бөлімінен «негізгі» бөлімге аударылады. Оқшауландырған алынған кезде бағалы қағаздар/ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары «оқшауландыру» бөлімінен «негізгі» бөлімге аударылады;



– жеке шоттардың барлық бөлімдерінен бағалы қағаздарды есептен шығару жолымен жүргізілетін бағалы қағаздарды өтеу орталық депозитарий/халықаралық банк-кастодианның (шетелдік номиналдық ұстаушы) хабарламасының негізінде жүргізіледі; Бұл ретте номиналдық ұстаушының есебі жүйесінде мәміле бойынша қосымша параметрлерде орталық депозитарийдің хабарламасы туралы мәлімет тіркеледі (тіркелген операция туралы есеп): есеп күні, есеп / халықаралық банк-кастодианның (шетелдік атаулы ұстаушының) хабарламасы туралы есеп нөмірі: референс/хабарлама нөмірі, хабарлама күні»;

– ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын бағалы қағаздарды ұстаушылардың шотынан/шоттарынан есепке қосу/есептен шығару. ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын есепке қосу, ЭСБ есептен шығару ЭСБ бойынша жол берілген эмитенттің дефолті туралы Орталық депозитарийдің хабарламасының және талап ету құқықтарының берілген сәйкестендіруі, сонымен бірге ЭСБ есептен шығару және ЭСБ деректері бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша есепке қосу бойынша жүргізілген операциялар туралы хабарламалардың негізінде жүргізіледі. Бұл ретте бағалы қағаздардың деректері бойынша (ауыртпалық, сенімгерлікпен басқару) туындаған міндеттемелер сақталады. Банк-кастодиан бағалы қағаздардың оқшауландыруы бойынша операциялар жүргізілген актінің негізінде тиісті мемлекеттік органға 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде хабарлайды; пайдасына ауыртпалық жүргізілген эмитент/ сенімгерлікпен басқарушы/тұлға оларды өтеу бойынша міндеттерін эмитент орындамағанда, ЭСБ айналым мерзімінің аяқталуы туралы, бағалы қағаздардың деректері ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттері бойынша талап ету құқықтарына ауыстырылуы қажет. ЭСБ есептен шығару және ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын есепке қосу ертеректе оқшауландыру тіркелген операция бойынша тек оқшауландыру операциясы алынып тасталғаннан кейін ғана жүргізіледі. ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан міндеттемелер бойынша сатып алынған талап ету құқықтарының есебі бойынша жеке шотқа есептен шығару клиенттің бұйрығының негізінде ұстаушының алдында эмитент міндеттерін орындағаннан кейін жүргізіледі (Ережеге № 8 қосымша). ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтарын есепке қосуды/есептен шығаруды Банк-кастодиан клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №№7,8 қосымшалар) атаулы ұстаушының клиенті ауысқан жағдайда, сонымен қатар ҚР заңнамаларына сәйкес өзге жағдайларда жүргізіледі.

56. «Репо» операцияларын Банк-кастодиан мәміле тараптарының қарсы бұйрықтарының негізінде (Ережеге №9 қосымша)не 43-1 тармаққа сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушылардан алынған мәліметтердің негізінде жүргізеді. Банк-кастодиан клиенттерінің арасында «Репо-ны» ашқан кезде, бағалы қағаздар клиент-сатушының «негізгі» бөлім жеке шотынан клиент-сатып алушының «негізгі» бөлім жеке шотына аударылады. Банк-кастодиан клиенттерінің арасында «Репо-ны» жапқан кезде, бағалы қағаздар клиент-сатып алушының «негізгі» бөлім жеке шотынан клиент-сатушының «негізгі» бөлім жеке шотына аударылады.

57. Сатушы болып табылатын Банк-кастодиан клиенттерінің және Банк-кастодиан клиенті болып табылмайтын тұлғаның арасында «Репо-ны» ашқан кезде, бағалы қағаздар сатушының «негізгі» бөлім жеке шотынан есептен шығарылады. «Репо-ны» жапқан кезде, бұл жағдайда бағалы қағаздар клиенттің «негізгі» бөлім жеке шотына есепке қосылады.

58. «Репо» операциялары автоматты тәсілде Қазақстан Қор Биржасының сауда алаңында бұйрықтардың негізінде (Ережеге №9 қосымша) не 43-1 тармаққа сәйкес сауданы ұйымдастырушылардан алынған мәліметтердің негізінде жүргізіледі. Банк-кастодиан клиенттерінің арасында жасалған мәміле бойынша бағалы қағаздар клиент-сатушының «негізгі» бөлім жеке шотынан клиент-сатып алушының «Репо» бөлімі жеке шотына аударылады. Бір уақытта активтерді сақтау және есебі баланстан тыс шоты бойынша операциялар орындалады.

59. Қор биржасының сауда алаңында «Репо» операциясын автоматты тәсілмен жүргізген кезде Банк-кастодиан клиенттері және Банк-кастодиан клиентті болып табылмайтын тұлға



арасында жасалған мәміле бойынша бағалы қағаздар сатушының жеке шотының «негізгі» бөлімінен есептен шығарылады немесе сауда-саттықты ұйымдастырушылардан алынған мәліметтердің негізінде «Репо» бөліміне есепке қосылады. Бір уақытта активтерді сақтау және есебі баланстан тыс шоты бойынша операциялар орындалады.

60. Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын/қосалқы шотын жабу бойынша операцияларды Банк-кастодиан келесілердің негізінде жүргізеді:

– жеке шотты/қосалқы шотты жабуға клиенттің бұйрығының негізінде (Ережеге №3 қосымша);

– бағалы қағаздардың осы жеке шотында/қосалқы шотында соңғы он екі айдың ішінде, егер осы клиент кастодиан шартында басқадай мерзімді бекітпегенде, деректер болмағанда;

– атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүргізуші бағалы қағаздар нарығында кәсіби қатысушы лицензиядан айырылған жағдайда, клиентке активтерді қайтару кезінде.

Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын/қосалқы шотын жабу кезінде клиентке тиісті хабарлама жіберіледі.

61. Банк-кастодиан келесі ақпараттық операцияларды жүргізеді:

– атаулы ұстаушының есебі жүйесінде жеке шот/қосалқы шот бойынша үзінді көшірмелер (Ережеге №14 қосымша) тұрақты түрде әрбір айдың бірінші санынан бастап есптік айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс санына кешіктірмей беріледі, сондай-ақ клиенттің бұйрығы бойынша қосымша берілуі мүмкін (Ережеге №16 қосымша). Жеке шот/қосалқы шот бойынша үзінді көшірмелер келесі ақпараттарды баяндайды:

✓ жеке шоттың/қосалқы шоттың нөмірі;

✓ бағалы қағаздар клиентінің (ұстаушысының) заңды тұлғасының атауы (тегі, аты, әкесінің аты бар болуында, жеке тұлғаның туған күні);

✓ заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген немесе қайта тіркелген нөмірі және күні (жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері);

✓ эмитенттің атауы және оның орналасқан орны не пайлық инвестициялық қордың атауы, сонымен қатар қордың басқарушы компаниясы және оның орналасқан орны;

✓ бағалы қағаздардың түрлері және сәйкестендіру нөмірі немесе басқа қаржылық құралдардың сәйкестендірулері;

✓ облигациялардың өтелген күні (ислам бағалы қағаздары);

✓ ауыртпалық салынғандарының санын көрсетумен анықталған түрдегі бағалы қағаздардың жалпы саны (ЭСБ бойынша эмитенті міндеттемелерінің талап ету құқықтары туралы мәліметтер) және/немесе оқшауландырылған және/немесе «Репоға» берілген, бағалы қағаздардың үзінді көшірме жасалған күнге, уақытына жағдайы бойынша жеке шотта/ қосалқы шотта тіркелгендері;

✓ Банк-кастодианның атауы, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүргізуге лицензиясының нөмірі, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы;

✓ үзінді көшірменің жағдайы бойынша күні мен уақыты;

✓ ККБ басшысының не ақпараттық операцияларды жүргізуге оны ауыстыратын тұлғаның қолы;

✓ ақпараттық операциялар үшін мөр.

– шот бойынша жүргізілген операциялар туралы есепті (Ережеге №18 қосымша) Банк-кастодиан бұйрықтың негізінде береді (Ережеге №16 қосымша)

– ұстаушылардың, Орталық депозитарийдің, эмитенттердің және уәкілетті органдардың сұраулары бойынша есептерді дайындау және басқа есептерді беру.

62. Ақпараттық операцияларды Банк-кастодиан бағалы қағазды ұстаушының жазбаша өкімі/бұйрықтары тіркелген сәттен бастап үш күнтізбелік күннің ішінде немесе мемлекеттік органдардың сұраулары бойынша жүргізеді.



63. Жеке шоттар бойынша операциялар жүргізер алдында Банк-кастодиан бұйрықтардағы немесе жеке тұлғаның не мәміленің тарабы болып табылатын оның өкілінің жеке құжатындағы қойылған қолдардың заңды тұлғаның өкілдерінің нотариалды куәландырылған үлгілерінің құжатта көрсетілген қойылған қолдарына сәйкестігіне салыстырып тексеру жүргізеді.

64. Бұйрықтардағы немесе жеке тұлғаның не мәміленің тарабы болып табылатын оның өкілінің жеке құжатындағы қойылған қолдардың заңды тұлғаның өкілдерінің нотариалды куәландырылған үлгілерінің құжатта көрсетілген қойылған қолдарына сәйкессіздігі көзбен шөла қарағанда байқалғанда, егер бұйрыққа клиент Банк-кастодианның жауапты қызметкерінің қатысуымен қол қоймағанда, соңғысы клиентке бұйрықта көрсетілген әрекеттерді жасауға оның ниетін растау туралы сұрау жібереді.

65. Банк-кастодиан клиентке (осы бұйрықты берген тұлғаға) Ереженің № 19 қосымшасына сәйкес нысан бойынша орталық депозитарийден, қор биржасынан, халықаралық кастодианнан (шетелдік атаулы ұстаушы) бұйрықта көрсетілген операцияның орындалуы туралы бұйрықтың орындалуы туралы растау алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей есеп береді және жібереді.

66. Банк-кастодиан келесі жағдайларда бұйрықтың орындалмаған себебін көрсетумен жазбаша бас тарту ресімдейді:

– бұйрықта қойылған қолдардың нотариалды куәландырылған үлгілерге сәйкессіздігінде;

– операция жасауға бұйрықты алған күннен бастап екі күнтізбелік күннің ішінде қарсы бұйрық бермегенде;

– Ережеде бекітілген деректемелердің немесе жеке шот/қосалқы шот деректемелерінің бұйрықтардың деректемелеріне сәйкессіздігінде;

– бағалы қағаздардың/ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының қажетті саны/клиенттің жеке шотында/қосалқы шотында ақша жоқ болғанда;

– ҚР заңнамаларына және/немесе осы Ереженің талаптарына мәмілені ресімдеу тәртібі не мазмұны сәйкессіздігінде;

– бағалы қағаздардың айналымын тоқтату немесе тыйым салу туралы соттың не мемлекеттік тиісті органдардың шешімі болғанда;

– бұйрықта көрсетілген жеке шот немесе қосалқы шот Қазақстан Республикасының [2010 жылғы 2-сәуірдегі](#) «Орындаушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының (бұдан әрі - Орындаушылық өндіріс туралы заң) 65-бабының 6-1 тармағында көрсетілген жағдайлардан басқасында, оқшауландырылғанында;

– бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға/ ЭСБ бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын ауыртпалық салынғанда, тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына (-ынан)/қосалқы шоттарға бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке қосу) бойынша операциялар жүргізуден басқа, 1995 жылғы 31-тамыздағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңына сәйкес қайта құрылымдау жүргізілгендердің біріне қатысты бірігу нысанында банктер қайта ұйымдастырылған кезде;

– ҚР заңнамалықактілерінде қарастырылған жағдайларда, ірі қатысушы мәртебесін алуға уәкілетті органның келісімін растайтын құжатты, мәмілені тіркеу үшін бекітілген мерзімде клиентті бермегенде;

– осы бұйрықтың әрекеті кезеңінде және (немесе) бұйрықты қабылдаған сәтте аяқталғанда клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың әрекет ету мерзімі .

Бас тартуға берілген сенімхаттың негізінде Банк-кастодианның уәкілетті өкілі қол қояды.

67. Банк-кастодиан ЗЖКТ/ЛҚ туралы Заңда және/немесе ЗЖКТ/ЛҚ Ережесінде қарастырылған негіздер бойынша және жағдайларда операциялар жүргізуді тоқтатады.



68. Атаулы ұстаушының есебі жүйесіндегі жеке шот/қосалқы шот бойынша үзінді көшірмелер (Ережеге № 14 қосымша), шот бойынша жүргізілген операциялар туралы есеп (Ережеге № 18 қосымша), бұйрықтың орындалуы туралы есеп (Ережеге № 19 қосымша), бұйрықты орындаудан бас тартуларды Банк-кастодиан клиентке 2003 жылғы 7-қаңтардағы № 370-II ҚР «Электрондық құжат және электрондық қол қою» Заңын сақтаумен ақпараттық жүйені пайдаланумен электрондық құжаттар нысанында беруі мүмкін.

69. Бағалы қағаздар/талап ету құқықтарын «негізгі» бөлімнен «корпоративтік әрекеттер» бөліміне, не «корпоративтік әрекеттер» бөлімінен «негізгі» бөлімге аудару үшін Банк-кастодиан бұл туралы клиентке осындай аудару жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлайды.

69-1. Бұйрықтарды тіркеуді, төлем құжаттарын қабылдауды және басқа нұсқаулықтарды Банк-кастодиан Астана қ. уақытымен 17:00 сағатқа дейін жүргізеді.

69-2. Қаржылық құралдармен мәмілені тіркеуді Банк-кастодиан Астана қ. уақытымен сағат 18:00 уақытына дейін жүргізеді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында Астана қ. уақытымен сағат 18:00 уақытынан кейін есеп айырысқан жағдайда, 53 және 54-тармақтарға сәйкес – келесі операциялық күні жүргізіледі.

69-3. Ереженің 68 және 69- тармақтарында көрсетілген құжаттарды қабылдау, тіркеу уақыты Банк-кастодианның техникалық мүмкіндігі болған кезде мерзімі ұзартылуы мүмкін.

7-тарау. Басқа мүліктің есебі және сақтау

70. Инвестициялық қорлардың активтерінің құрамында сатып алынатын басқа мүліктермен мәмілені Банк-кастодиан кастодиандық шартта қарастырылған құжаттардың топтамасының негізінде жүргізеді.

71. Басқа мүлікке ақы төлеу инвестициялық қордың басқарушы компаниясы берген төлем тапсырмасының негізінде жүргізіледі не акционерлік инвестициялық қор оларды/оны өздігінен және инвестициялық қордың инвестициялық шотында ақша болған кезде, сонымен қатар мәміленің және оны ресімдеу талаптарының ҚР заңнамаларына және Пайлық инвестициялық қор/инвестициялық акционерлік қордың инвестициялық декларациясына сәйкес болған кезде жүргізеді.

72. Басқа мүлікті сатып алған кезде оның құны Банк-кастодианның активтерді сақтау мен есебінің баланстан тыс шотында бейнеленеді, осы мүліктерге иеліктен айырған кезде - активтерді сақтау мен есебінің шотынан есептен шығарылады.

8-тарау. Құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтау

73. Банк-кастодиан клиенттерге тиесілі ҚР заңнамаларына сәйкес эмитеттелген вексельдерді және/немесе құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтайды.

74. ҚР заңнамаларына сәйкес эмитеттелген вексельдерді және/немесе құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтау Банк-кастодианның қоймасында арнайы металл кейсте (құралда) жүргізіледі.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

75. Ереженің талаптарын орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін жауапкершілік Ережеде процесті реттеуге қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

76. Ережеде бекітілген талаптарды орындауға бақылау ҚҚКБ жүктеледі.

77. Ереже ІНҚ ДҚ енгізілгеннен кейін келесі жұмыс күні күшіне енеді және Банк-кастодианның барлық қызметкерлерінің қолдануына және басшылыққа алуына жалпыға бірдей міндетті болып табылады.

| | | |
|--|--|--------------------|
|  Еуразиялық Банк | ЕР | 1-бет 19 21 |
| | КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕСІ | |

78. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер ҚР заңнамаларына және басқа ІНҚ сәйкес шешіледі.

Басқарма төрағасы

М.Д. Эгглтон



ҚОСЫМШАЛАР

| № р/с | Қосымшалардың нөмірі | Қосымшалардың атауы |
|-------|----------------------|--|
| 1 | №1 қосымша | Ағымдағы банктік инвестициялық шот ашуға өтініш (заңды тұлғалар үшін) |
| 2 | №2 қосымша | Ағымдағы банктік инвестициялық шот ашуға өтініш (жеке тұлғалар үшін) |
| 3 | №3 қосымша | Жеке шоттың/қосалқы шоттың ұстаушысы туралы мәліметтерді ашуға, жабуға, өзгертуге бұйрық |
| 4 | №4 қосымша | Инвестициялық шоттан ақшаны есептен шығаруға сенімхат |
| 5 | № 5 қосымша | Қаржылық құралдарды есепке қосуға бұйрық |
| 6 | № 6 қосымша | Қаржылық құралдарды есептен шығаруға бұйрық |
| 7 | №7 қосымша | Қаржылық құралдарды есепке қосуға бұйрық (атаулы ұстаушыға енгізу) |
| 8 | № 8 қосымша | Қаржылық құралдарды есептен шығаруға бұйрық (атаулы ұстаушыдан шығару) |
| 9 | №9 қосымша | «РЕПО» операцияларын ашуға бұйрық |
| 10 | №10 қосымша | Қаржылық құралдарды кепілге беруге бұйрық |
| 11 | №11 қосымша | Қаржылық құралдарды кепілге қабылдауға бұйрық |
| 12 | №12 қосымша | Кепіл ұстаушының бағалы қағаздардың қаржылық құралдарынан кепілді алып тастауға бұйрығы |
| 13 | №13 қосымша | Кепіл ұстаушының қаржылық құралдардан кепілді алып тастауға бұйрығы |
| 14 | №14 қосымша | Жеке шоттан/қосалқы шоттан үзінді көшірме |
| 15 | №15 қосымша | Халықаралық нарықта мәміле жүргізуге бұйрық (алынып тасталды) |
| 16 | №16 қосымша | Есептік құжаттарды беруге бұйрық |
| 17 | №17 қосымша | Қойылған қолдардың үлгілері мен мөрдің бедері бар құжат |
| 18 | №18 қосымша | Шот бойынша жүргізілген операциялар туралы есеп |
| 19 | №19 қосымша | Бұйрықты орындау туралы есеп |
| 20 | №20 қосымша | Заңды тұлғаларға шот ашу үшін құжаттардың тізімдемесі |
| 21 | №21 қосымша | Жеке тұлғаларға шот ашу үшін құжаттардың тізімдемесі |
| 22 | №22 қосымша | Басқарушы инвестициялық портфельдің пайлық инвестициялық қорына шоттар ашу үшін құжаттардың тізімдемесі |
| 23 | №23 қосымша | Жеке тұлғаларға шот ашу үшін құжаттарда Ережені жүзеге асыру бойынша шаралар жоспары (ішкі пайдалану үшін) |
| 24 | №24 қосымша | ІНҚ мониторингі жоспары (ішкі пайдалану үшін) |

| | | |
|--|--|--------------------|
|  Еуразиялық Банк | ЕР | 1-бет 21 21 |
| | КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕСІ | |

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ

| № р/с | Хаттама нөмірі | Хаттама күні | Күшіне енген күні | Өзгеріс бастамашысы |
|------------------|-----------------------|---------------------|--------------------------|---------------------------------|
| 1 | №126 | 25.11.2015 | 03.12.2015 | Кастодиандық операциялар бөлімі |
| 2 | №22 | 28.02.2017 | 27.03.2017 | Кастодиандық операциялар бөлімі |